

Қ.А Ясауи атындағы қазақ түрік
халықаралық университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Науқастың әртүрлі функциональді
қалыптары: Симс, арқалық, іштік, Фаулер.

Орындаған: Жақсылық А

Тобы: 126 ЖМ

Қабылдаған: Тулежанов Е

Түркістан 2015

Жоспар:

Кіріспе

II. Негізгі бөлім

- Науқастың әртүрлі функциональді қалыптары:
- Симс, арқалық, іштік,
- Фаулер.

III. Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

▶ **Дене биомеханикасы**

- ▶ Мейірбике науқасты көтеру, тасу, қолдап жүру, ауыстыру сияқты шаралар барысында сырқат жарақат алуы мүмкін. Сондықтан науқастардың бір жерін ауыртып алмау мақсатында және сондай жағдайды болдырмау үшін керекті дағдыларды білу керек. Науқастарды отырған немесе жатқан жерінен тұрғызып, болмаса көтеріп, орнын ауыстыруға тура келеді.
- ▶ Медицина қызметкері өз күштерін дұрыс бағаламай, дененің биомеханикалық заңдылықтарын ескермей, денесіне ауыр салмақ түсіріп, омыртқаларын және де басқа қозғалыс аппараттарын зақымдап алуы мүмкін.
- ▶ Мейірбике өзіне де науқастарға да зиян келтірмеу үшін келесі ережелерді есте сақтау керек:

- егер ол сізден жеңіл болмаса немесе қозғалтуға басқа ешкім көмек бере алмаса өзі қозғала алмайтын, көмек бере алмайтын науқасты көтермеу керек;
- науқастарды көтергенде немесе күтімге байланысты басқа жұмыстарды орындағанда мүмкіндігінше дененің арқасын, омыртқа жотасын түзу ұстау керек;
- алға созылған қолдармен науқасты көтеруге немесе қозғалтуға болмайды;
- егер науқас қозғала алмаса, механикалық құрылғылар көмегін пайдалануға болады. Ауыр салмақты түрлі заттарды көтергенде, науқастарға көмектескенде дененің биомеханикалық ережелерін қолдану керек.

Науқастың белсенділік тәртіптері:

Қатаң төсектік (арудың жедел сатысында біраз уақытқа тағайындалады, 1-3 күн), науқас шалқасынан жатады, тек майда буындарын қозғалтуға рұқсат етіледі, күтімді толығымен мейірбике жүргізеді.

Төсектік (арудың жеделдеу сатысында тағайындалады), науқас жатады, төсекте бұрылуға, ірі буындарын қозғалтуға болады, жартылай өзін өзі күтім жүргізуге рұқсат етілуі мүмкін.

Палаталық науқас уақытының көбін төсекте өткізеді, палатада жүруге болады, палатадан тыс шығуына болмайды, жекелей немесе топты ЕШК жаттығулары аздаған салмақ түсірумен палатада жүргізіледі, толығымен өзін-өзі күтеді.

Жалпы уақытынын көбін жүрумен өткізеді, барлық емге баруына болады, топты ЕШК жаттығулары аз және орташа салмақ түсірумен арнайы залда жүргізіледі, толығымен өзін-өзі күтеді, далаға шығуға болмайды.

Аялағыш-жаттықтырғыш күндізгі уақытта төсекте жатуына болмайды (тыныштық сағаттарынан басқа уақытта), ЕШК жаттығулары тек топты тәсілмен орташа және үлкен салмақ түсірумен жүргізіледі, еңбекпен емдеуді тағайындауға болады, далада серуендеуге немесе жаттығуға болады, спорт ойындарының элементтері тағайындалады. Шипажайлық емге жаттықтырғыш тәртіп қолданылады. Науқас мекеменін барлық шараларына қатысады, ЕШК жаттығулары үлкен салмақ түсірумен жүргізіледі. Науқастардың медициналық, тұрмыстық, әлеуметтік, кәсіптік реабилитациясы мақсатында қалпына келтіру шараларының неғұрлым толық бағдарламасы тағайындалады.

Төсек тартып жатқан науқастардың төсекте жату қалпының 3 түрі бар.

Науқастың төсектегі қозғалыс қалпы:

- 1. Белсенді;***
- 2. Енжарлы;***
- 3. Мәжбүр.***

Белсенді немесе еркін қалып – жеңіл ағымды аурулармен ауырған науқастарда кездеседі. Ол кезде науқас өздігінен қимылдап өз денесінің қалпын еркін қозғалта алады, өзін-өзі күте алады.

Енжарлық қалып – науқас қимылсыз, жағдайы ауыр, өз-өзіне күтім жасай алмайды.

Мәжбүрлік қалып – ауру адамның жағдайын жеңілдететін қалып. Науқас өзін мазалайтын ауырсыну сезімдерін азайту үшін немесе мүлдем тоқтату үшін қолданады. Клиникада мәжбүр қалыптың бірнеше түрі кездеседі:

Ортопное- өкпе демікпесінде науқас амалсыз төсегінде отырады. Осы уақытта еңтігуі азаяды.

Амалсыз бір бүйірінде жату қалпы – жүрек ауруларында, науқас амалсыз оң бүйіріне жатады, сол бүйіріне жатқанда, жүрегі қысылады.

Амалсыз шынғақ пен тізеге отыру қалпы – бұл экссудативті плеврит ауруына тән.


Амалсыз ішінен жату қалпы – асқазан жара ауруларына тән.

Арқасымен жату қалпы – шалқасынан жату миокард инфарктісінде қолданылады



► **Науқастың төсектегі дене қалыптары :**

- **Фаулер** қалыпта жату — науқас жастықсыз кереуеттің ортасына арқасымен немесе шалқасынан жатады. Функционалды кереуеттің бас жағын $45-60^{\circ}\text{C}$ жоғары көтеру керек немесе үш жастықты бір-біріне қою керек. Жоғарғы Фаулер жағдайы — 90°C , ал төменгі Фаулер жағдайы -30°C -қа көтеру керек. Фаулер қалыпта жатуды - өкпе, жүрек демікпесінде, гипертониялық кризде, тері ойылуда қолдануға болады



Науқасты Фаулер қалпында жатқызу

Мақсаты: төсекте науқасты жартылай отыру қалпымен қамтамасыз ету.


Іс-әрекет	Негізделуі
1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, манипуляция мақсатын, іс - әрекеттерді түсіндіру	Науқаспен қажет қарым-қатынас жасалады.
2. Науқастың келісімін алу	Пациент құқықтарын сақтау қамтамасыз етіледі
3. Кереуеттің бас жағын 45-60°C бұрышқа көтеру	Тамақтануға, айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға ыңғайлы жағдай жасалады.
4. Науқастың басын төмен жастыққа Қою	Мойын омыртқаларының бүгу контрактураларының алдын алу қамтамасыз етіледі.
5. Науқас қолының астына жастық Қою	Қолдың салмағының төмен тарту нәтижесінде болатын иық буыны капсуласының тартылуын, буынның шығып кетуін болдырмау қамтамасыз етіледі
6. Бел аймағы астына жастық Қойыңыз	Омыртқаның бел аймағына салмақ түсірмеу қамтамасыз етіледі
7. Науқастың қабырғалары астына кішкене жастықша қойыңыз	Салмақ әсерінен тізе буындарының шектен тыс жазу, тізе асты артерияларының қысылуын болдырмау қамтамасыз етіледі.
8. Балтырдың төменгі 1/3 аймағына кішкене жастықша қойыңыз.	Матрастың табанға қысымын ұзақ болдырмау қамтамасыз етіледі
9. Аяқ астына 90°C бұрышта тіреуіш қойыңыз.	Аяқтардың “салбырап” қалуын болдырмау.

Науқасты жоғары Фаулер қалпында жатқызу

Мақсаты: Науқастың арқасымен мәжбүрлі жату қалпы.

Іс-әрекет	Негізделуі
1. Науқастың бас жағын горизонталды етіп орналастыру	Арқасымен жатқызу қамтамасыз етіледі
2. Бел аймағының астына кішкене жастықша қою.	Омыртқаның бел аймағына салмақ түсірмеу қамтамасыз етіледі.
3. Иықтың жоғарғы бөлігіне, мойын және басының астына кішкене жастық қою.	Мойын омыртқалары аймағында бүгілу контрактураларын болдырмау қамтамасыз етіледі.
4. Санның сыртқы шетіне валик тәріздес жастықша қою.	Санның сыртқа қарай бұрылуын болдырмау қамтамасыз етіледі.
5. Балтырдың төменгі 1/3 бөлігіне валик қою.	Қысым төмендеп, ойылу пайда болу қаупі жойылады
6. Аяқ басына 90°С бұрышта тіреуіш Қою	Аяқ басының “салбырап” қалуын болдырмау
7. Науқастың қолдарын алақанымен төмен қаратып, денесіне параллель етіп орналастыру, білек астына кішкене жастықша қою.	Иықтың шектен тыс бұзылуын болдырмау, шынтақ буынының шектен тыс жазылуының алдын алу.

- ▶ **Симс** қалыпта жату — науқасты бір қырынан жатқызу керек. Төменгі қолы арқасына қарай созылып, ал екі аяғы жеңіл тізесінен бүгіледі. Жоғарғы аяғы алдына таман қаттырақ бүгіліп, төменгі аяғы төсекте созылып жатады.



Науқасты Симс қалпында жатқызу

Іс-әрекет	Негізделуі
1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, манипуляция мақсатын, іс-әрекеттерін түсіндіру	Науқаспен қажетті қарым-қатынас жасалады
2. Науқастың келісімін алу	Науқастың құқығын сақтау қамтамасыз етіледі.
3. Кереуеттің бас жағын горизонталь-ды қалыпқа келтіру	Науқасты бір қырымен жатқызуға ыңғайлы жағдай жасалады
4. Науқасты бір қырымен және жар- тылай ішімен жатқызу	Симс қалпын қамтамасыз ету
5. Басына жастық қою	Мойынның шектен тыс бүгілуін болдырмайды
6. 90° бұрышта иықта және шын-тақта бүгілген «жоғарғы» қол асты-на жастықша қою. «Төменгі қолды» бүкпей төсекке қою	Дұрыс дене биомеханикасы қамта-масыз етіледі
7. Бүгілген «жоғарғы» аяқ астына жастықша қою, «төменгі» балтыр «жоғары» аяқ санының төменгі 1/3 бөлігі деңгейінде орналасуы керек	Санының ішке қарай бұрылуын, аяқтың шектен тыс жазылуын болдырмайды
8. Аяқ астына 90° бұрышта тіреуіш қою	Аяқ басының бүгуін қамтамасыз ету, аяқ басының «асылып қалуын» болдырмайды

Науқасты ішімен жатқызу

Іс-әрекет	негізделуі
1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, манипуляция мақсатын, іс-әрекеттерін түсіндіру	Науқаспен қажет қарым-қатынас жасалады
2. Науқастың келісімін алу	Науқастың құқығын сақтау қамтама-сыз етіледі
3. Кереуетті горизонталды қалыпқа келтіріп, жастықты алып тастау	Науқастың қалпын өзгертуге ыңғайлы жағдай қамтамасыз етіледі
4. Науқастың қолдарын шынтағында жазып, денесіне жақындату, қол ұшын санының астына қойып, қолы арқылы денесін айналдырып, ішімен жатқызу	Науқастың қалпын өзгертуге ыңғайлы жағдай қамтамасыз етіледі
5. Науқасты кереуеттің ортасына жатқызу	Пациентке ыңғайлы жағдай жасалады
6. Науқастың басын бір шетіне қарай бұру, басының астына кішкене жастық қою	Мойын омыртқаларының бұғу және шектен тыс жазуды азайту
7. Көк ет деңгейінен төмен іш аймағына кішкене жастық қою	Бел омыртқаларының шектен тыс жа-зылуы мен бел омыртқаларына салмақ түсу төмендейді
8. Науқастың қолдарын иығында бұғу, бас деңгейіне дейін көтеру	Иық буынының шығып кетуін бол-дырмау
9. Аяқ басы астына валик қою	Аяқ басының “салбырап” қалуын және сыртқа қарай бұралуын болдырмау

Biz Bir Aileyiz....

DOKTORLAK



gamzeli Sendromlu!

Науқасты бір қырынан жатқызу

- Бір қолыңыздың алақанын жоғары қаратып науқастың белінің астына қою;
- Екінші қолыңызды науқастың жамбасының астынан сан аймағына жіберіп, алақаныңызды жамбас-сан буынында бекіту;
- Науқасты өзіңізге қарай жылжытып, бір қырына қарай айналдыру;
Науқас төсектің ортасында орналасуы керек.
- Жоғарғы аяқты тізесінде бүгіп, науқасты бекіту;
- Науқастың бас жағына жастық қою;
- Бүгілген аяқ астына жастық қою, аяғы сан деңгейінде орналасуы керек.

Науқасты өзімізге қаратып айналдырып бір қырынан жатқызу

- Науқасты сол қырына айналдыру кезінде оның оң қолын көкірегіне, ал оң аяғын сол аяғының үстіне қою;
- Науқасты санынан (тізесіне жақындау) және иығынан ұстау;
- Өзіңізге қарай науқасты айналдыру;
Жоғарғы аяғын тізесінде бүгіп, науқасты бекіту;
- Астындағы қолды шамалы бүгіңіз, жастық қасына орналастыру керек;
- Үстінде орналасқан қолды шынтакта бүгіп, жастықтың үстіне
орналастыру керек;
- Төменгі аяқ басына тіреуіш қою керек;
- Науқасқа ыңғайлы екендігіне көз жеткізу керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. “Мейірбике ісінің негіздері” С.Қ. Мұратбекова
2. “Сестринское дело” И.В. Яромич
3. <http://www.google.kz>

**Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!**

